

Нормативтік қызмет ету мерзімі өтелген жүк көтергіш машиналарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 10 тамыздағы № 389 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 16 тамызда № 24006 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 115) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 14.07.2023 № 382 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Нормативтік қызмет ету мерзімі өтелген жүк көтергіш машиналарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі

Ю. Ильин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі
2021 жылғы 10 тамыздағы
№ 389 бұйрығымен
бекітілген

Нормативтік қызмет ету мерзімі өтелген жүк көтергіш машиналарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулық

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Нормативтік қызмет ету мерзімі өтелген жүк көтергіш машиналарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 115) тармақшасына сәйкес әзірленген және нормативтік қызмет ету мерзімі өтелген, оларды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау үшін жүк көтергіш машиналарды зерттеп-қарауды ұйымдастыру және өткізу тәртібін нақтылайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 14.07.2023 № 382 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Нұсқаулықта келесі терминдер қолданылады:

1) ағымдағы жөндеу – жүк көтергіш машинаның жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ету немесе қалпына келтіру үшін орындалатын және жекелеген бөліктерін ауыстыру және (немесе) жөндеу арқылы ақаулықты жоюдан құралатын жұмыстар;

2) ақаулы жай-күй – жүк көтергіш машина нормативтік-техникалық және (немесе) дайындаушы зауыттың конструкторлық (жобалық) құжаттамасы талаптарының ең болмағанда біреуіне сәйкес келмейтін жай-күй;

3) ақау – жүк көтергіш машинаның немесе тораптың, элементтің дайындаушы зауыттың паспорттыңда, жұмыс немесе нормативтік-техникалық құжаттамада келтірілген талаптарға әрбірінің жеке сәйкес келмеуі;

4) бастапқы тексеру – жүк көтергіш машинаның нормативтік қызмет ету мерзімі өткеннен кейін жүргізілетін тексеру;

5) ақаусыз жай-күй – жүк көтергіш машинаны пайдалану нормативтік-техникалық және (немесе) дайындаушы зауыттың конструкторлық (жобалық) құжаттамасының талаптарына сәйкес келетін жай-күй;

6) жөндеу – жүк көтергіш машинаның ақаусыздығын немесе жұмыс қабілеттілігін қалпына келтіру және (немесе) жүк көтергіш машинаның немесе оның жекелеген құрамдас бөліктерінің ресурсын қалпына келтіру жөніндегі операциялар кешені;

7) жұмысқа қабілетті жай-күй – берілген функцияларды орындау қабілетін сипаттайтын барлық параметрлердің мәндері нормативтік-техникалық және (немесе) дайындаушы зауыттың конструкторлық (жобалық) құжаттамасының талаптарына сәйкес келетін жүк көтергіш машинаның жай-күйі;

8) жұмысқа жарамсыз жай-күй – жүк көтергіш машинаның берілген функцияларды орындау қабілетін сипаттайтын ең болмағанда бір параметрдің мәні нормативтік-техникалық және (немесе) дайындаушы зауыттың конструкторлық (жобалық) құжаттамасының талаптарына сәйкес келмейтін жай-күйі;

9) қайталама тексеру – алдыңғы тексеру нәтижелері бойынша белгіленген мерзім өткеннен кейін жүргізілетін тексеру;

10) қалдық ресурс – шаршау өлшемшарттары бойынша жүк көтергіш машинаның негізгі бөліктерінің (көтергіш металл конструкцияларының) шекті жай-күйіне жеткенге дейінгі жұмыс көлемінің есептік шамасы (тексеру жүргізілген сәттен бастап);

11) кезектен тыс тексеру – одан әрі қауіпсіз пайдалану үшін қатер төндіретін елеулі ақаулар немесе ақаулықтар (немесе осы ақаулықтардың пайда болу белгілері) туындаған кезде жүргізілетін тексеру;

12) күрделі-қалпына келтіру жөндеу (қайта жаңарту) – ақауларды анықтау, оларды жою және жүк көтергіш машинаның ресурсын қалпына келтіру үшін қажетті демонтаждау мен бөлшектеуден кейін келесі тексеруге дейін орындалатын, қызмет ету мерзімі өткен жүк көтергіш машинаны жөндеу;

13) пайдалану – жүк көтергіш машинаның есептен шығарылғанға дейінгі өмірлік циклінің сатысы, онда оның сапасы өткізіледі, сақталады және қалпына келтіріледі және ол жүк көтергіш машинаны мақсаты бойынша пайдалануды, тасымалдауды, сақтауды, техникалық қызмет көрсетуді, монтаждауды (бөлшектеуді) және жөндеуді қамтиды;

14) пайдалану құжаттамасы – паспортты, техникалық сипаттаманы және пайдалану жөніндегі нұсқаулықты, монтаждау жөніндегі нұсқаулықты қамтитын, дайындаушы

зауыт жүк көтергіш машинамен бірге жеткізетін техникалық құжаттама (жалпы конструкторлық немесе жобалау құжаттамасының бір бөлігі);

15) тексеру – белгілі бір кезеңге одан әрі пайдалану мүмкіндігі мен шарттарын айқындау мақсатында нормативтік қызмет мерзімі өткен жүк көтергіш машиналарды техникалық диагностикалау жөніндегі жұмыстар кешені;

16) толық жиынтықталған жөндеу – жүк көтергіш машинаның қызмет ету мерзімін ұзарту мақсатында оны тексеру актісінде белгіленген ақауларды жою мақсатында жүк көтергіш машинаны бөлшектемей орындалатын, қызмет ету мерзімі өткен жүк көтергіш машинаны жөндеу;

17) шекті жай-күй өлшемшарты – нормативтік-техникалық және (немесе) конструкторлық (жобалық) құжаттамада белгіленген жүк көтергіш машинаның шекті жай-күйі белгісі немесе белгілерінің жиынтығы.

2-тарау. Тексерудің түрлері мен мерзімділігі

3. Жүк көтергіш машиналарды одан әрі пайдалану мерзімін ұзарту мақсатында тексеру нормативтік пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін жүргізілуі керек.

4. Нормативтік мерзімі өткен жүк көтергіш машиналарды тексерудің келесі түрлері қарастырылған: бастапқы;қайталама;кезектен тыс.

Нормативтік қызмет ету мерзімі өткен жүк көтергіш машиналарды бастапқы тексеру дайындаушы зауыт белгілеген нормативтік қызмет ету мерзімі өткеннен кейін жүргізіледі.

Жүк көтергіш машиналарды қайталама тексеруді осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес зерттеп-қарау актісінде (бұдан әрі – зерттеп-қарау актісі) зерттеп-қарауды жүргізген ұйым белгілеген мерзімде жүргізеді.

Кезектен тыс тексеру жүк көтергіш машинаның қызмет ету мерзіміне қарамастан жүзеге асырылады.

5. Қайталама тексеру саны жүк көтергіш машинаның типімен, мақсатымен және пайдалану жағдайымен және оның техникалық жай-күйімен анықталады.

6. Қызмет ету мерзімі ұзартылатын кезең осы Нұсқаулыққа сәйкес жүргізілген тексеру нәтижесінде белгіленген жүк көтергіш машинаның нақты жай-күйі бойынша белгіленеді және үш жылдан аспайды.

3-тарау. Зерттеп-қарауды ұйымдастыру

7. Нормативтік қызмет мерзімі өткен жүк көтергіш машиналар "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 72-бабына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында сараптама жүргізу құқығына және тексерілетін жүк көтергіш машинаның иесі-ұйымға тәуелсіз аттестатталған ұйымдардың қызмет мерзімін ұзарту тұрғысынан тексеруден өтеді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 14.07.2023 № 382 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Тексеруге жұмыс күйіндегі жүк көтергіш машиналар жатқызылады. Жұмыс істемейтін күйдегі жүк көтергіш машинаға тексеру жүргізуге, кейіннен тексеруді аяқтап, оны жұмыс жағдайына келтіргеннен кейін сынақ жүргізуге рұқсат етіледі.

9. Қызмет ету мерзімін ұзарту мәніне тексеруді жүк көтергіш машинаны қайта монтаждаумен, ағымдағы жөндеу жүргізумен немесе техникалық куәландырумен (жебелі өздігінен жүретін крандар үшін – техникалық байқаумен) біріктіру қажет.

10. Нормативтік қызмет мерзімі өткен жүк көтергіш машиналарды бастапқы, қайталама немесе кезектен тыс тексеруге беру пайдаланушы ұйымның иесі немесе басшысы тексеру жүргізу мерзімін, тексеру жүргізетін ұйымның атауын, берілген жүк көтергіш машиналар (типі, маркасы, зауыттық нөмірі, тіркеу нөмірі) туралы мәліметтерді, тексеру жүргізуге дайындық жөніндегі жауапты адамдарды және олардың міндеттерін көрсете отырып, өкіммен (бұйрықпен) ресімделеді.

11. Тексеру жүргізетін ұйым нақты тапсырыс берушінің жүк көтергіш машиналарын тексеру жөніндегі комиссия құрамын тағайындау туралы өкім (бұйрық) шығарады, өкімде (бұйрықта) тексеру жөніндегі комиссияның төрағасы мен мүшелері, жүк көтергіш машиналарды тексеру туралы шарттың нөмірі мен күні, тексеру жүргізу кезеңі, жүк көтергіш машиналардың иесі – ұйымның атауы және олардың орналасқан жері, берілген жүк көтергіш машиналар (типі, маркасы, зауыттық нөмірі, тіркеу нөмірі), тексеру жүргізуге дайындық жөніндегі жауапты адамдар мен олардың міндеттері туралы мәліметтер көрсетіледі. Комиссияның ең аз құрамы – 3 адам.

12. Жүк көтергіш машинаның иесі тексеру жүргізу кезеңіне жауапты краншыны (машинисті, операторды) бөледі және мыналарды:

жүк көтергіш машинаны, сынақ жүктерін;

металл конструкциялар мен механизмдерді биіктікте тексеруге арналған жабдықты (қажет болған жағдайда);

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 359 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10332 болып тіркелген) Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) талаптарына сәйкес ресімделген кран жолын пайдалануға тапсыру-қабылдау актісін және жолдарды нивелирлеудің алдыңғы актісін (жербеті немесе жерүсті рельстік жолдармен қозғалатын жүк көтергіш машиналар үшін);

оқшаулау және жерге қосу кедергісін тексеру актісін (қажет болған жағдайда). Оқшаулау кедергісін тексеруге қойылатын талаптар "Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 222

бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10889 болып тіркелген) айқындалады;

жүк көтергіш машина бойынша пайдалану құжаттамасын;

жүргізілген жөндеу (реконструкциялау) жобасын, сондай-ақ егер бұл жұмыстар жүргізілген болса, жөндеу (реконструкциялау) жүргізу кезінде пайдаланылған металдың сертификаттарын;

жүк көтергіш машинамен орындалатын жұмыстардың сипаты туралы еркін нысандағы анықтаманы;

Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізілген техникалық қызмет көрсету және ағымдық жөндеу туралы жазбалары бар техникалық қызмет көрсету журналын (немесе вахталық журналды);

одан әрі пайдалану мүмкіндігі туралы қорытындымен (қайталама және (немесе) кезектен тыс тексерген жағдайда) жүргізілген тексеру нәтижелері туралы алдыңғы актіні тексеруге дайындайды.

13. Жүк көтергіш машиналарды тексеру кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына және зерттелетін жүк көтергіш машина пайдаланылатын кәсіпорынның қауіпсіздігі жөніндегі нормативтік құжаттарға толық сәйкес қауіпсіздік шаралары қатаң сақталады.

14. Тексерулерді дайындау және жүргізу кезінде еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жүк көтергіш машина иесі кәсіпорынның әкімшілігі әрбір нақты жағдайда жұмыстың нақты көлемін, жүк көтергіш машинаның және оның жұмыс аймағының ерекшелігін ескере отырып, крандарды тексеру кезінде еңбек қауіпсіздігі жөніндегі нұсқауларды (іс-шараларды, нұсқаулықтарды) әзірлейді, сондай-ақ тексеру жүргізуді ұйымдастыруға қатысуға тартылатын өз мамандарының тәртібін айқындайды.

15. Жүк көтергіш машинаны найзағайда, қар жауғанда, көктайғақта, тұманда, қатты жаңбырда, тәуліктің қараңғы уақытында ашық ауада тексеру бойынша жұмысқа, сондай-ақ секундына 10 метр астам жел кезінде биіктікте тексеру бойынша жұмыстарды жүргізуге жол берілмейді.

4-тарау. Тексеру кезіндегі негізгі жұмыстар

16. Жүк көтергіш машиналарды тексеруге келесі жұмыс түрлері кіреді:

нақты тапсырыс берушінің жүк көтергіш машиналарын тексеру жөніндегі комиссия құрамын тағайындау туралы өкім (бұйрық) шығару;

осы Нұсқаулықтың 12-тармағына сәйкес иесі ұсынған жүк көтергіш машинаның құжаттамасымен танысу;

металл конструкцияларының жай-күйін тексеру;

механизмдердің, арқан-бұғат жүйесінің және басқа тораптардың жай-күйін тексеру;

электр және гидрокұрылғылардың жай-күйін тексеру;

қауіпсіздік құрылғылары мен аспаптарының жай-күйін тексеру;

рельс жолдарының жай-күйін тексеру (рельстер бойынша қозғалатын крандар мен арбалар үшін);

металл конструкцияларының көтергіш элементтері металының химиялық құрамы мен механикалық қасиеттерін тексеру;

ақаулар ведомосін жасау;

жүк көтергіш машинаның статикалық және динамикалық сынақтарын жүргізу;

қалдық ресурсты бағалау;

тексеру нәтижелерін ресімдеу.

Ескертпелер:

металдың химиялық құрамын, механикалық қасиеттерін тексеру және қалдық ресурсын бағалау бойынша жұмыстар осы Нұсқаулықтың 11 және 14 -тарауында көзделген жағдайларда ғана орындалады;

кезектен тыс тексеру жүргізу кезінде осы Нұсқаулықтың 16-тармағында көрсетілген жұмыстар көлемінің қысқаруын комиссия осы тексеруді жүргізу қажеттілігін туындатқан жүк көтергіш машина элементтерінің жай-күйін тексеруді ескере отырып айқындайды;

крандарды және олардың жабдықтарын тексеру, сынау кезінде өлшеу дәлдігі "Жүк көтергіш крандар. Сынау кезінде параметрлерді өлшеу дәлдігіне қойылатын талаптар" МЕМСТ 29266-91 талаптарына сәйкес келетін сынақ жүктемелерін, қашықтықты, уақытты және басқа ұқсас параметрлерді өлшеу құралдары мен жүйелері қолданылады;

бақылау және сынау әдістерін таңдау кезінде "Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" "Кеден одағының техникалық регламентін қабылдау туралы" Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 18 қазандағы № 823 шешімімен бекітілген жүк көтергіш машинаның пайдалану құжаттамасының талаптары мен стандарттарын басшылыққа алынады. Бақылаудың бұзылмайтын әдістері "Бұзылмайтын бақылау. Түрлер мен әдістердің жіктелуі" МЕМСТ 18353-79 (бұдан әрі – МЕМСТ 18353-79) бекітілген жіктелулерге сәйкес іріктелінеді.

5-тарау. Құжаттамамен танысу

17. Процесінде тексеру жүргізетін комиссия қолданыстағы пайдалану құжаттамасымен, жүк көтергіш машинаны жөндеу немесе қайта жаңарту кезінде орындалған сызбалармен және есептермен (бар болса), пайдаланылған болат маркаларына арналған сертификаттармен, сондай-ақ нақты жүк көтергіш машина үшін толтырылатын жүк көтергіш машина орындайтын жұмыстардың сипаты туралы анықтамамен, соңғы толық техникалық куәландыру материалдарымен танысады.

Комиссия бір уақытта рельс жолдарының құжаттамасымен танысады (рельстер бойынша қозғалатын крандар мен арбалар үшін).

18. Құжаттаманы (жүк көтергіш машина конструкциясының сызбаларын) зерделеу процесінде тексерудің жұмыс картасы жасалады. Оны толтыру нысаны мен үлгісі осы

Нұсқаулықтың 2-қосымшасында келтірілген. Тексерудің жұмыс картасына жүк көтергіш машинаны пайдалану кезінде бұзылуы мүмкін барлық тораптар, қосылыстар мен элементтер енгізіледі.

Жұмыс картасы тексеру кезіндегі комиссияның әдістемелік құжаты болып табылады және тексеру аяқталғаннан кейін жүк көтергіш машинаның иесіне берілетін жұмыстарды ұйымдастыру және құжаттардың түпкілікті пакетін жасау үшін ғана пайдаланылады.

6-тарау. Металл конструкцияларының жай-күйін тексеру

19. Жүк көтергіш машинаның металл конструкцияларын тексеру келесі кезеңдерді қамтиды:

металл конструкциялардың көтергіш элементтерін сыртқы тексеру;

металл конструкцияларының элементтерін бұзбайтын бақылау түрлерінің бірімен тексеру;

металл конструкциялары элементтерінің (дәнекерленген, бұрандалы, топсалы) қосылыстарының сапасын тексеру;

арқалықтардың, жебелердің, фермалардың және жекелеген зақымдалған элементтердің қалдық деформацияларын өлшеу;

металл конструкциялардың көтергіш элементтерінің коррозия дәрежесін бағалау.

20. Тексеру алдында металл конструкциялары, әсіресе олардың зақымдануы мүмкін жерлерде, кірден, коррозиядан, қардан, артық ылғал мен майдан тазартылады.

21. Сыртқы тексеру қарапайым оптикалық құралдарды (10 еселік лупа) және тасымалды жарық көздерін қолдана отырып жүргізіледі, бұл ретте зақымданулардың пайда болуы мүмкін келесі орындарға ерекше назар аударылады:

қималардың күрт өзгеру учаскелеріне;

кілттік немесе шлицті ойықтармен кесілген, сондай-ақ ойығы кесілген учаскелерге;

орнату және тасымалдау кезінде зақымдалған немесе соққыға ұшыраған жерлерге;

жұмыс кезінде айтарлықтай кернеулер, коррозия немесе тозу пайда болатын жерлерге;

жөндеу дәнекерлеу тігістері бар учаскелерге.

22. Сыртқы тексеруді жүргізу кезінде мынадай ақаулардың болуына тексеру жүргізіледі:

бояудың қабыршықтануы, жергілікті коррозия, тоттың ақауы негізгі металдағы, дәнекерленген жіктер мен жапсарлас аймақтағы жарықшақтардың болуының жанама белгілері болып табылады;

механикалық зақымдану;

негізгі металдың қатпарлануы;

жөндеу дәнекерлеу қосылыстарының сапасыз орындалуы;

топсалы қосылыстардың люфттері, бұрандалы және тойтармалы қосылыстардың босаңсуы.

23. Металл конструкцияда немесе дәнекерленген тігісте жарықтардың болу белгілері анықталған кезде күдікті орындарды бұзбайтын бақылау түрлерінің бірімен қосымша тексеруге жібереді.

Бұзбайтын бақылаудың әртүрлі түрлерін орындаудың техникалық құралдары мен әдістемелерін таңдауды жүк көтергіш машинаның нормативтік техникалық құжаттамасының талаптары негізінде тексеру жүргізетін комиссия айқындайды.

24. Металл конструкцияның механикалық зақымданулары (майысулар, иілулер, үзіктер) анықталған кезде олардың өлшемдері (ұзындығы, ені, биіктігі немесе тереңдігі) өлшенеді. Содан кейін зақымдану өлшемдері осы типтегі жүк көтергіш машинаның металл құрылымы үшін осындай ақаудың шекті өлшемдерімен салыстырылады және егер нормативтік мәндер асып кетсе, ақаулар туралы мәлімдемеде түзету керек.

25. Металлдың қатпарлануы анықталған кезде (мысалы, арқалық металл конструкциялары белдіктерінің сыртқы беттерінде немесе олардың ультрадыбыстық қалыңдығын өлшеу кезінде) ультрадыбыстық әдістермен парактың ауданы бойынша ақаудың таралу аймағы анықталады.

26. Тойтарма және бұрандалы қосылыстардың жай-күйін бақылауды көзбен және балғамен қағу арқылы жүзеге асырылады. Тойтарманың (бұранданың) әлсіреуін соққының дыбысымен және балғаның серпілу сипатымен анықтауға болады.

Тойтарманы тексеруді екі балғамен жүргізеді: біреуі сыртқы басына соққы жасайды, ал екіншісі тойтарманың қарама-қарсы басына басылады. Егер тойтармалар жұқарған болса, онда бірінші балғамен соғылған кезде екінші балғаның күрт серпілісі болады.

Бұрандалы қосылыстарда көзбен бақылау кезінде қосылыстағы бұрандалардың жобалық санының болуы, сондай-ақ олардың айқын ақаулары (жарықтар, мыжулар, бастың бөлінуі) анықталады.

Кәдімгі бұрандалы қосылыстарды көзбен бақылау кезінде серіппелі шайбалардың жай-күйі тексеріледі, олардың тартылуы тексеріледі.

Пайдалану құжаттамасында тарту күші көрсетілген беріктігі жоғары және бұрандалардың басқа түрлерінде тарту күші қосымша бақыланады.

Әрбір қосылыстағы бақыланатын бұрандалардың саны нақты жүк көтергіш машина үшін нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес белгіленеді. Бақыланатын бұрандаларда ақаулар анықталған кезде барлық қосылыстардағы осы түрдегі бұрандаларды тексеру қажет.

27. Металл конструкцияның (осьтердің, саусақтардың) жалғаушы элементтерін бақылау оларды бекітетін элементтердің жай-күйін тексеруден басталады. Тіркейтін элементтердің қосылыста осьтік немесе айналмалы күш-жігердің бар екендігін куәландыратын зақымданулары анықталған кезде осьті (саусақты) бөлшектейді және өлшейді. Осындай тексеру және өлшеу осьтің қондырмалы орнында да жүргізіледі.

Топсалы қосылыстарда люфтердің болуын жүк көтергіш машинаны пайдалану процесінде өзіне тән белгілері (дүмпулер, өткір соққылар, шайқалыстар) бойынша алдын ала көзбен шолып анықтайды.

Өзіне тән белгілер болған кезде люфтты нақты сандық бағалауды және оның рұқсат етілуін бөлшектелген топсалы қосылысты өлшеуді орындаумен белгілейді.

28. Арқалықтардың, жебелердің, фермалардың қалдық деформацияларын өлшеу және металл конструкциялары элементтерінің коррозия дәрежесін бағалау нақты жүк көтергіш машинаға арналған нормативтік-техникалық құжаттаманың ұсынымдарына сәйкес орындалады.

7-тарау. Механизмдердің, арқан-блоктық жүйелердің және басқа түйіндердің жай-күйін тексеру

29. Механизмдердің, арқанды-блоктық жүйелердің және басқа түйіндердің жай-күйін тексеру бойынша жұмыстарға келесілер жатады:

жалпы жай-күйін, жұмысқа қабілеттілігін және одан әрі өлшеулер жүргізу қажеттілігін талдау мақсатында сыртқы қарап тексеру;

қажетті өлшеулерді жүргізу.

30. Тексеру алдында механизмдер мен тексерілетін жүк көтергіш машинаның басқа бөлшектері кірден, коррозиядан, қардан, артық ылғалдан және майлаудан тазартылады.

31. Сыртқы тексеруді жүргізу кезінде осы Нұсқаулықтың 22-тармағында көрсетілген ақаулардың болуына тексеру жүргізіледі.

32. Сыртқы тексеру кезінде:

барлық механизмдердің жалпы жай-күйі және олардың жеке тораптары мен бөлшектерінің зақымдануының болуы;

деформацияның, коррозияның болмауы және оларды жою қажеттілігі;

бәсеңдеткіштерден майдың ағып кетуінің болмауы;

бекіту механизмдерінің элементтерін қатайту сапасы;

механизмдер тораптарын (мысалы, қозғалыс механизмінің тежегіштерінің) реттеудің пайдалану және дайындаушы зауыттың нормативтік құжаттамасының талаптарына сәйкестігі анықталады.

Қарап-тексеру кезінде механизмдерді бөлшектеу қажеттілігін зерттеп-қарауды жүргізетін комиссиясы айқындайды.

33. Сыртқы тексеру нәтижесінде анықталған шекті зиянға жақын зақымданулар өлшенеді.

Өлшеу нәтижесі, мысалы, тозу арқылы, тозу іс жүзінде жоқ өлшеммен немесе сызбада көрсетілген өлшеммен салыстырылады.

34. Бәсеңдеткіштердің тістерінің және тісті берілістерінің тістерінің тозуын және боялу дәрежесін өлшеу қажеттілігі механизмнің жұмысы кезінде жоғары шудың пайда

болуымен және (немесе) корпусстың қыздыру температурасының жоғарылауымен анықталды.

Бәсеңдеткіштерде майлаудың бар-жоғы зондтың, май көрсететін тығындардың, көздердің көмегімен не қақпақтағы люк арқылы тексеру арқылы тексеріледі.

35. Тісті берілістің тозуы және тістердің боялуы бойынша жарамсыздық өлшемдері оның мақсаты мен типіне қарай анықталады.

Тістің түбінде, шабақтарда немесе күпшектерде жарықтары бар тісті дөңгелектер, сондай-ақ механизмді бөлшектеу кезінде анықталатын тәждің қондырмасы жұқарған кезде жарамсыз болып табылады.

36. Мойынтіректердің жай-күйін олардың отырғызылатын орындарынаерекше шу естілгенде және (немесе) жоғары қызу болған кезде тексеріледі.

Егер ақаулардың көрсетілген белгілері анықталса, механизмді ішінара бөлшектеу керек.

Келесі ақаулар болған жағдайда, мойынтіректер істен шығады:

кез келген жерде түстердің құбылуы;

кезкелген мөлшердегі және орналасатын чиптер мен жарықтар;

айналдыру жолдарындағы шарлардың немесе роликтердің іздері;

шарлардағы, роликтердегі немесе сақиналарды домалау жолдарындағы қажу бояуының қабыршақтануы немесе шаршау шұңқырлары;

мойынтіректің бірқалыпты айналуына кедергі келтіретін сепаратордағы кенжарлар мен майысулар;

тозу салдарынан радиалды немесе осьтік саңылаудың рұқсат етілмеген ұлғаюы.

37. Механизмдер мен басқа да тораптардың бекітілу жай-күйін тексеру нақты жүк көтергіш машина үшін нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес жұмыс процесінде жүзеге асырылады.

38. Арқандар, блоктар, барабандар мен ілгектер жүк көтергіш машинаның пайдалану құжаттамасында белгіленген өлшемдерге сәйкес жарамсыз болады. Дайындаушы зауыт белгілеген ақаулау нормалары болмаған кезде – Қағидалардың 8, 17 және 18-қосымшаларына сәйкес.

Салмақ түсетін және темірлі арқандарды нақты жүк көтергіш машина үшін нормативтік-техникалық құжаттамада жазылған әдістемелер бойынша бұзбайтын бақылау тәсілдерінің бірімен тексеруге жатады.

Жүк көтергіш машиналардың өзге элементтерін жарамсыз етудің шекті нормалары нақты жүк көтергіш машина үшін нормативтік-техникалық құжаттамада келтірілген.

8-тарау. Электр және гидрожабдықтардың жай-күйін тексеру

39. Электр жабдықтарының жай-күйін тексеру:

жерге қосу элементтерін тексеруді;

электр жабдықтарын сыртқы тексеру және жұмыс қабілеттілігін талдау үшін қажетті өлшеулерді (тексерулерді) жүргізуді;

орнатылған электр жабдығының пайдалану құжаттамасына сәйкестігін бағалауды;
электр жабдықтарының жұмыс қабілеттілігін бақылауды тексеру қамтиды.

40. Электр жабдығын сыртқы тексеру механикалық кептелістердің болмауын бақылау үшін қолмен жұмыс істеу имитациясы арқылы оның элементтерінің іс-әрекетін тексерумен бір мезгілде жүргізіледі. Сыртқы тексеру электр жабдығының жеке тораптары бойынша жүйелі түрде жүргізіледі, бұл ретте:

электр қозғалтқыштары;

басқару панелі;

іске қосу резисторлары;

басқару пульті және монтаждау пульті;

тежегіш электромагниттер және электр гидравликалық итергіштердің электр қозғалтқыштары;

кабельдер, сымдар, электр жабдықтарының элементтері тексеріледі.

Сыртқы тексеру кезінде орындалатын жұмыстардың тізімі жүк көтергіш машинаның нақты түріне, электр жетегінің түріне және электр тогының түріне байланысты және нақты жүк көтергіш машинаның нормативтік-техникалық құжаттамасымен анықталады.

41. Электр жабдығының жұмысқа қабілеттілігін бақылау электр сызбасына сәйкес барлық механизмдердің жұмыс істеуін, оның ішінде аппараттарды позициялар бойынша белгілей отырып, оларды ауыстырып қосудың тегістігін, тетіктердің іске қосылуы мен тежелуінің тегістігін, электр жүйелерін қосу-ажыратудың тоқтаусыз жұмыс істеуін тексерумен негізделеді.

42. Гидравликалық жабдықты тексеру:

жұмыс кезінде сұйықтықтың сыртқы ағып кетуін, корпустардың жарықтарын, жоғары шуды, жылытуды, бекітпелердің әлсіреуін және дірілді анықтау үшін гидравликалық жүйе объектілерін сыртқы тексеруді;

жұмыс сұйықтығын ластануға және тұтқырлыққа бақылауды (қажет болған жағдайда);

ластанудың штаттық көрсеткіштері бойынша сүзгілердің жай-күйін тексеруді;

сорғыларды, гидравликалық моторларды және гидравликалық цилиндрлерді тексеруді (қажет болған жағдайда);

сақтандыру клапандарының күйге келтірілуін тексеруді(қажет болған жағдайда) қамтиды.

9-тарау. Қауіпсіздік аспаптары мен құрылғыларының жай-күйін тексеру

43. Жүк көтергіш машиналардың қауіпсіздік аспаптары мен құрылғыларын тексеру: қауіпсіздік аспаптары мен құрылғыларын сыртқы тексеру;

олардың жұмысқа жарамдылығын бақылаулық тексеру жұмыстарын қамтиды.

44. Қауіпсіздік аспаптары мен құрылғыларын сыртқы тексеру кезінде:

аспаптардың болуын және олардың паспорттық деректерге сәйкестігін;

МЕМСТ 29266-91 талаптарының негізінде Кранның қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ететін параметрлерді бақылау үшін пайдаланылатын тексеру таңбасы бедерінің немесе өлшеу құралын тексеру туралы сертификаттың болуын;

Қағидалар талаптарына сәйкес аспаптардың электрондық (релелік) блоктарында пломбалардың болуын тексеру қажет.

45. Жұмыс қабілеттілігін бақылап тексеру:

іске қосылудың сенімділігін және жүк көтергіштікті шектегіштердің индикаторлар көрсеткіштерінің нормативтік деректерге сәйкестігін;

жүктің, арбаның, кранның қозғалысын шектейтін шеткі ажыратқыштардың жұмысын;

жүк көтергіш машинада орнатылған және оның паспортында келтірілген блоктау жүйелерінің жұмысын және қорғаныстың іске қосылуын;

бақылау-өлшеу аспаптары көрсеткіштерінің дәлдігін тексеруді қамтиды.

46. Нақты қауіпсіздік аспаптары мен құрылғыларын тексеру әдістері нақты жүк көтергіш машина үшін нормативтік-техникалық құжаттамада белгіленеді.

10-тарау. Рельс жолдарының(рельс жолдарымен қозғалатын крандар мен арбаларға арналған)жай-күйін тексеру

47. Рельс жолдарының жай-күйін кешенді тексеру:

рельс жолын салу жөніндегі құжаттамамен, нивелирлеу актісімен және рельс жолын жерге қосу кедергісін тексеру актісімен танысу;

рельс жолының үлгілік жобаға немесе пайдалану құжаттамасына сәйкестігін тексеру;

рельсті жолдармен қозғалатын нақты жүк көтергіш машина үшін пайдалану құжаттамасында және нормативтік-техникалық құжаттамада келтірілген нормалармен салыстыру және өлшеулер жүргізу, жерге қосуды қоса алғанда, жолдың барлық элементтерінің жай-күйін сыртқы тексеру;

дайындаушы зауыттың пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес жолдардың ауытқулары нормативтерге сәйкес келмеген кезде түзету бойынша ұсынымдар бере отырып нивелирлеу жүргізу;

рельс жолдарының жоғарғы және төменгі құрылысының жай-күйін бағалау жөніндегі жұмыстарды орындау;

кран асты арқалықтарының және көтергіш құрылыс конструкцияларының (жерүсті рельс жолдарымен қозғалатын жүк көтергіш машиналар үшін) жалпы жай-күйін бағалау бойынша орындау жұмыстарын жұмыстарын қамтиды.

48. Рельс жолдары сапасының төмендігі және оларға тиісті күтімнің болмауы кранды келесі тексеруге дейін комиссия тағайындаған мерзімді төмендету немесе қызмет мерзімін ұзартудан бас тарту негіздерінің бірі бола алады.

11-тарау. Металл конструкцияларының көтергіш элементтері металының химиялық құрамы мен механикалық қасиеттерін тексеру

49. Металдың химиялық құрамын және (немесе) механикалық қасиеттерін айқындау қажеттілігі мынадай жағдайларда туындайды:

егер жүк көтергіш машинаның паспорттыңда жөндеу кезінде металл конструкцияларының салмақ түсетін элементтері жасалған металл туралы деректер болмаса;

агрессивті орта жағдайында жүк көтергіш машинаның жұмысы кезінде; кезектен тыс тексеру кезінде (қажет болған жағдайда);

егер жүк көтергіш машинаның паспорттыңда болат маркасы көрсетілген элементтер ауыстырылған кезде жүк көтергіш машина жөндеуге және (немесе) реконструкциялауға ұшыраса, таңдалған материалдарға күмән туған кезде.

50. Паспорт жоғалған жағдайда металдың химиялық құрамын тексеру және механикалық қасиеттерін талдау үшін сынамаларды алу қажеттілігі мен тәртібі нақты жүк көтергіш машина үшін нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес айқындалады.

12-тарау. Ақаулар ведомосін құру

51. Жүк көтергіш машиналарды, олардың металл конструкцияларын, механизмдерін және жекелеген тораптарын тексеру нәтижелері бойынша анықталған ақаулар нысаны осы Нұсқаулыққа 3-қосымшада келтірілген ақаулар ведомосіне (бұдан әрі – ақаулар ведомосі) енгізіледі.

Анықталған ақаулар өлшем құралдарының көмегімен расталған жағдайда, "Ақауды сипаттау" бағанына Қағидаларға немесе нормативтік-техникалық талаптарға (өлшенетін параметрді регламенттейтін тиісті стандарттарға) сәйкес өлшенетін шаманың нақты сандық мәндері және осы көрсеткіштің рұқсат етілген мәндері енгізіледі.

Ақаулардың ведомосі жүк көтергіш машинаның иесіне беріледі.

52. Ақаулар туралы есеп жүк көтергіш машинаны жөндеуге жіберуге арналған ресми құжат болып табылады.

13-тарау. Көтергіш машинаның статикалық және динамикалық сынақтарын өткізу

53. Көтергіш машинаның статикалық және динамикалық сынақтары пайдалану құжаттамасында жазылған нұсқауларға сәйкес орындалады.

Пайдалану құжаттамасында сынақтар туралы нұсқаулар болмаған кезде статикалық және динамикалық сынақтарды кәсіпорынның-иесінің жүк көтергіш машинасын қауіпсіз пайдалануды қадағалау жөніндегі инженерлік-техникалық қызметкердің қатысуымен комиссия орындайды.

54. Сынақтар жүргізу кезіндегі жүктемелердің шамалары нақты жүк көтергіш машина үшін дайындаушы зауыттың нормативтік-техникалық құжаттамасының талаптарына сәйкес белгіленеді.

55. Жүк көтергіш машина комиссия анықтаған ақауларды жойғаннан және оны жұмысқа қабілетті күйге ауыстырғаннан кейін ғана статикалық және динамикалық сынақтарға ұшырайды.

14-тарау. Қалдық ресурсын бағалау

56. Жүк көтергіш машиналардың металл конструкцияларының қалдық ресурсын бағалау:

көтергіш машинаның металл конструкциялары қарқынды коррозиялық тозған кезде орындау керек. Металдың коррозия дәрежесін бағалау ГОСТ 9.407-2015 "Коррозиядан және қартаюдан қорғаудың бірыңғай жүйесі (КҚҚБЖ) сәйкес жүзеге асырылады. Лак-бояу жабыны. Сыртқы түрін бағалау әдісі";

көптеген жарықтар, әсіресе, бұрын жөндеуден өткен түйіндерде анықталған кезде; жүк көтергіш машинаны ауыстырғанға (есептен шығарғанға) дейін болжамды мерзімді бағалау үшін иесінің өтініші бойынша орындау керек.

57. Нақты үлгідегі жүк көтергіш машиналардың қалдық ресурсын бағалау дайындаушы зауыттың нормативтік-техникалық құжаттамасының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Бағалаудың базалық тұжырымдамасы ретінде техникалық жай-күйі бойынша қауіпсіз пайдалану қағидатына негізделген тәсіл пайдаланылады, оған сәйкес жүк көтергіш машинаның техникалық жай-күйін бағалау нормативтік және конструкторлық құжаттамаға сәйкес оның сенімді және қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ететін техникалық жай-күй параметрлері бойынша, ал қалдық ресурс – техникалық жай-күй параметрлері бойынша жүзеге асырылады.

Техникалық жағдайдың анықтайтын параметрлері ретінде өзгеруі (жеке немесе белгілі бір жиынтықта) жүк көтергіш машинаны жұмысқа жарамсыз, ақаулы немесе шекті күйге келтіруі мүмкін параметрлер қабылданады.

58. Қалдық ресурсты бағалауды орындау үшін бастапқы деректер:

осы Нұсқаулыққа сәйкес жүк көтергіш машинаны тексеру нәтижелері;

жүк көтергіш машинаны пайдаланудың барлық мерзімінде оны пайдалануды сипаттайтын деректер (айналымдар саны, тасымалданатын жүктерді масса бойынша бөлу, ортаның агрессивиялық дәрежесі);

қалдық ресурсты бағалауды орындау сәтіндегі металл конструкцияларының есептік элементтері металының химиялық құрамы мен механикалық қасиеттері туралы деректер;

жүк көтергіш машинаның металл конструкциясын есептеу (бар болса);

нақты коррозияны ескере отырып металл конструкцияның есептік элементтерінің геометриясы туралы деректер;

қалдық ресурсты бағалау бойынша, осы үлгідегі металл конструкцияларын есептеу бойынша нормативтік құжаттар;

бағаланатын металл конструкцияларды тензометрлеу нәтижелері (қажет болған жағдайда) болып табылады.

59. Қалдық ресурсты бағалау нәтижелері жүк көтергіш машинаның иесіне берілетін есеп түрінде ресімделеді.

Есеп одан әрі пайдалану мүмкіндігі мен шарттары туралы қорытындыны қамтиды (қажетті жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын орындау тізбесін көрсете отырып).

15-тарау. Тексеру нәтижелерін ресімдеу

60. Сынақтар жүргізілгеннен кейін жүк көтергіш машинаны тексеру нәтижелері бойынша зерттеп-қарау актісімен ресімделеді.

Кезектен тыс сараптама жүргізілген жағдайда акт еркін нысанда жасалады. Актіге кезектен тыс емтиханның себептері туралы мәліметтер, емтихан барысы мен өткізілген сынақтардың сипаттамасы және сараптама нәтижелері бойынша комиссияның қорытындысы енгізілген.

61. Актіні комиссияның барлық мүшелері қол қойғаннан кейін тексеруді жүргізген ұйымның басшысы бекітеді.

62. Тексеру жөніндегі жұмыстар аяқталған кезде жұмысқа қабілетті жағдайда тұрған жүк көтергіш машиналар үшін комиссия актіде олардың одан әрі пайдаланылуын ұзарту ұсынылатын мерзімді белгілейді.

63. Ақаулар ведомосімен тексеру актісінің бір данасы жүк көтергіш машинаның иесіне беріледі және жүк көтергіш машинаны одан әрі пайдалану, оны жөндеу немесе есептен шығару үшін негіз болады.

Ақаулар ведомосі, қажетті анықтамалары мен қосымшалары бар актінің екінші данасы тексеруді орындаған ұйымның мұрағатында қалады.

64. Актімен бір мезгілде жүргізілген тексеру туралы есеп (еркін нысан) ресімделеді. Жүргізілген тексеру туралы есепті бір ұйымның (учаскенің, цехтың) тексерілген жүк көтергіш машиналар тобына жинақтап жасауға жол беріледі.

Есеп тексеруді орындаған ұйымның ішкі құжаты болып табылады, оның көшірмесі жүк көтергіш машинаны есепке қойған мемлекеттік органға жіберіледі. Тексеруді орындаған ұйымның есебі жүк көтергіш машинаның иесіне берілмейді.

басқа да техникалық бұйымдар. Әртүрлі климаттық аймақтарға арналған нұсқалар. Сыртқы ортаның климаттық факторларының әсері турғысына санаттар, пайдалану, сақтау және тасымалдау шарттары "МЕМСТ 15150-69 бойынша климаттың орындалуы бар (қайсысы екенін көрсету)

"Жүк көтергіш крандар. Жел жүктемесі. Нормалар және

паспорт қа сәйкес келеді ме, егер "жоқ" болса неге сәйкес келмейті нін көрсету (темпера тура, режим, сейсмик алық)									
--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

3. Тексеру кезіндегі жүк көтергіш машинаның және оның жекелеген тораптарының жалпы жай-күйі (жарамды, жұмысқа қабілетті, жұмысқа қабілетсіз немесе жарамсыз):

--	--

4. Комиссия ақаулар ведомосінде атап өткен ақаулардың жалпы саны:

--	--

соның ішінде:

жедел жоюды талап етеді		
1 ай ішінде жою		
кезекті техникалық қызмет көрсету және жөндеукезінде жою		

5. Тексеру жүргізу барысында комиссияның ескертулері бойынша жүк көтергіш машинаның иесі жойған ақаулардың саны:

6. Жүк көтергіш машинаға сынақтар жүргізілді (сынақтар жүргізілген жағдайда толтырылады):

Статикалық (жүк массасын тоннада көрсету)			
Динамикалық (жүк массасын тоннада көрсету)			

Сынақ нәтижелері бойынша қандай да бірақаулар табылған жоқ.

7. Комиссия қорытындысы:

7.1. тексеру нәтижелері бойынша және жұмыс барысында жүк көтергіш машинаның иесі жойған ақауларды ескере отырып, комиссия (қажетті жол толтырылады):

Жүк көтергіш машина жұмыс күйінде және ақаулар ведомосіндегі ескертулерді ескере отырып, паспорттық режимде пайдаланыла алады.	("Иә" немесе "Жоқ" деп көрсету)
Келесі тексеру кешіктірілмей өткізілсін	(айын және жылын көрсету)
Жүк көтергіш машинаны ақаулар ведомосіне сәйкес жөндеу қажет	("Иә" немесе "Жоқ" деп көрсету)
Жүк көтергіш машина есептен шығарылуға жатады	("Иә" немесе "Жоқ" деп көрсету)

санайды.

7.2. жүк көтергіш машинаны тек келесі шектеулермен басқаруға болады (комиссия қандайда бір шектеулер тағайындаған кезде толтырылады):

жүк көтергіштігінің төмендеуімен, т			
бастап және дейін температура диапазонында, градус С			
Келесі тексеру кешіктірілмей өткізілсін	(айын және жылын көрсету)		

7.3. тексерілетін жүк көтергіш машинаның нақты жағдайын ескере отырып, оның қалдық ресурсын бағалау қажет (немесе қажет емес) ("иә" немесе "жоқ" деп көрсету):

--	--

Кран иесі:

1) осы актінің ұсынымдарын орындамағаны және ақаулар ведомосінде белгіленген ескертулерді жоймағаны үшін тексеру жүргізген комиссия жауап бермейді.

2) осы акті жүк көтергіш машинаның паспортына тігіледі және жүк көтергіш машина есептен шығарылғаннан кейін паспортпен бірге кемінде 5 жыл сақталады.

Тексеру актісіне:

1) жүк көтергіш машина иесінің тексеру жүргізу туралы өкімінің (бұйрығының) көшірмесі;

2) жүк көтергіш машинамен орындалатын жұмыс сипаты туралы анықтама;

3) жүк көтергіш машинаның негізгі параметрлері туралы паспорттан үзінді;

4) ақаулар ведомосі;

5) статикалық және динамикалық сынақтарды жүргізу актісі;

6) химиялық құрамы мен механикалық қасиеттерін тексеру нәтижелері (бар болса);

7) бақылау түрі және ол жүргізілген металл конструкцияларының орындары көрсетілген бұзбайтын бақылау нәтижелері бойынша қорытынды;

8) рельс жолының жай-күйі және нивелирлеу нәтижелері туралы қорытынды қосымша беріледі (егер нивелирлеу жүргізілген болса). (Тек рельс жолымен қозғалатын жүк көтергіш машиналарға арналған).

Комиссия төрағасы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Комиссия мүшелері _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолдары)

Нормативтік қызмет ету мерзімі өтелген жүк көтергіш машиналарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулыққа 2-қосымша

Нысан

Тексерудің жұмыс картасы

Жүк көтергіш машинаның түрі _____, зауыт № _____, тіркеу № _____
Торап (элементтің, құжаттың) жай-күйінің шартты белгілері:

	– қалпынша
--	------------

/	– ақаулықтарды жоюды талап етеді
---	----------------------------------

X	– жөндеуді немесе ауыстыруды талап етеді
---	--

Тораптың шартты № (индекс)	Тораптың, элементтің, құжаттың атауы*	Жай-күйінің шартты белгілері**	Ақау, оның орналасқан орны
1	2	3	4
0100	Жүк көтергіш машина бойынша құжаттама (жалпы алғанда)		
0101	Паспорт		
0102	Электрлік сызба		
0103	Техникалық сипаттамасы		
0104	Монтаждау бойынша нұсқаулық		
0105	Жүк көтергіш машинаның журналы		
0200	Тірек (жүріс) рамасы		
0201	Рама		
0202	Түйіспелі қосылыстар		

0203	Бұрандалы қосылыстар		
0204	Топсалы қосылыстар		
0205	Желбағарлар		
0206	Бөрене (қосылмаған)		
0207	Тіреуіш		
0208	Баспалдақтар		
0209	Аландар		
0210	Осьтер		
0300	Жүргі арбасы		
0301	Рама		
0302	Теңгергіш		
0303	Жетек		
0304	Тежегіш		
0305	Тежегіш қалып		
0306	Жүрістік доңғалақ		
0307	Ашық берілістер		
0308	Буксалар		
0309	Осьтер		
0310	Лақтыру соқасы		
0311	Рельсқармауыш		
0312	Кіндік темір		
0313	Буфер		
0314	Топсалы қосылыстар		
0315	Бұрандалы қосылыстар		
0316	Майлау және тығыздау орындары		
0400	Кабельді барабан		
0401	Барабан		
0402	Жетек		
0403	Тежегіш		
0404	Рама		
0405	Кабельді төсеу		
0406	Топсалы қосылыстар		
0407	Бұрандалы қосылыстар		
0500	Батпан		
0501	Батпан плиталары		
0502	Бекіту түйіндері		
0503	Батпан салмағы		
0600	Тіреу-айналу құрылғысы		
0601	Тісті тәж		
0602	Жартылай құрсамалар		
0603	Бұрандалы қосылыстар		

0604	Майлау орындары		
0605	Роликтер, шарлар		
0700	Айналмалы платформа		
0701	Платформа (дәнекерленген құрылым)		
0702	Телескоптық сүйеме		
0703	Монтаждық сүйеме		
0704	Топсалы қосылыстар		
0705	Бұрандалы қосылыстар		
0706	Тартымдар		
0707	Блоктар		
0708	Аландар		
0709	Баспалдақтар		
0710	Монтаждау құралдары		
0800	Жүк шығыры		
0801	Бәсеңдеткіш		
0802	Тежегіш		
0803	Тежегіш қалыптар		
0804	Муфталар		
0805	Барабан		
0806	Рама		
0807	Біліктер		
0808	Берілісті ауыстыру жүйесі		
0809	Шығарылатын тірек		
0810	Бұрандалы қосылыстар		
0811	Бекіту саусақтары		
0812	Майлау және тығыздау орындары		
0900	Жебелі шығыр		
0901	Бәсеңдеткіш		
0902	Тежегіш		
0903	Тежегіш қалыптар		
0904	Муфталар		
0905	Барабан		
0906	Рама		
0907	Біліктер		
0908	Берілісті ауыстыру жүйесі		
0909	Шығарылатын тірек		
0910	Бұрандалы қосылыстар		
0911	Бекіту саусақтары		

1000	Бұрылу механизмі		
1001	Бәсеңдеткіш		
1002	Тежегіш		
1003	Тежегіш қалыптар		
1004	Муфталар		
1005	Ашық тістегеріш		
1006	Рама		
1007	Бұрандалы қосылыстар		
1008	Бекіту осьтері		
1009	Майлау және тығыздау орындары		
1100	Қарсы салмақ		
1101	Қарсы салмақ плиталары		
1102	Бекіту түйіндері		
1103	Қарсы салмақ салмағы		
1200	Мұнара		
1201	Портал		
1202	Мұнара секциялары		
1203	Диagonalды арқалықтар		
1204	Бағыттаушы роликтер		
1205	Блоктар		
1206	Құлыптар		
1207	Тартымдар		
1208	Түйіспелі қосылыстар		
1209	Бұрандалы қосылыстар		
1210	Топсалы қосылыстар		
1211	Баспалдақтар, қоршаулар		
1212	Аландар		
1213	Люк қақпақтары		
1214	Монтаждау құралдары		
1215	Көтергіш шахтасының қоршауы		
1300	Баулық		
1301	Кергіш		
1302	Монтаждау сәресі		
1303	Блоктар		
1304	Осьтер		
1305	Жүк көтергіштігін шектегішке датчик орнату		
1306	Топсалы қосылыстар		
1307	Түйіспелі қосылыстар		

1308	Бұрандалы қосылыстар		
1309	Баспалдақтар, қоршаулар		
1310	Аландар		
1311	Люк қақпағы		
1400	Краншының көтергіші		
1401	Кабина, есіктер, терезелер		
1402	Шығырдың жетегі		
1403	Барабан		
1404	Шығыр рамасы		
1405	Тежегіш		
1406	Топсалы қосылыстар		
1407	Түйіспелі қосылыстар		
1408	Бұрандалы қосылыстар		
1409	Буферлік құрылғы		
1410	Керу құрылғысы		
1411	Баспалдақтар		
1412	Аландар		
1413	Авариялық шығатын орын		
1414	Тақтай		
1415	Кабельді төсеу құрылғысы		
1500	Тірек рамалары (бұрылмайтын мұнарасы бар крандарда)		
1501	Төменгі рама		
1502	Жоғарғы рама		
103	Түйіспелі қосылыстар		
1504	Бұрандалы қосылыстар		
1505	Баспалдақтар		
1600	Кабина		
1601	Каркас		
1602	Басқару пульті (тұтқалар, түймелер, басқылар)		
1603	Пульттегі белгілер		
1604	Орындық (қозғалу мүмкіндігі)		
1605	Есіктер		
1606	Шынылау		
1607	Өрт сөндіргіш		
1608	Желдетіс		
1609	Ауа баптау		

1700	Жебе		
1701	Жебе (металл құрылымы)		
1702	Түйіспелі қосылыстар		
1703	Бұрандалы қосылыстар		
1704	Топсалы қосылыстар		
1705	Осьтер		
1706	Блоктар, олардың қоршаулары		
1707	Шығыршық		
1708	Тартымдар		
1709	Өтпелер		
1710	Қоршаулар		
1800	Жүк арбасы		
1801	Рама		
1802	Блоктар, олардың қоршаулары		
1803	Жүрісті аунақтар		
1804	Бүйірлік роликтер		
1805	Топсалы қосылыстар		
1806	Осьтер		
1807	Керу құрылғылары		
1900	Арба шығыры		
1901	Бәсеңдеткіш		
1902	Тежегіш		
1903	Тежегіш қалыптар		
1904	Муфталар		
1905	Барабан		
1906	Рама		
1907	Біліктер		
1908	Шығарылатын тірек		
1909	Бұрандалы қосылыстар		
1910	Бекіту саусақтары		
1911	Майлау және тығыздау орындары		
2000	Ілгекті аспа		
2001	Жақтар		
2002	Блоктар, олардың қоршаулары		
2003	Осьтер		
2004	Бұрандалы қосылыстар		
2005	Жүктер		
2006	Траверса		

2007	Ілгек		
2008	Сақтандыру қапсырмасы		
2100	Қарсы салмақ консолі		
2101	Консоль		
2102	Механизмдерді орнатуға арналған алаңдар		
2103	Өтпелер		
2104	Түйіспелі қосылыстар		
2105	Бұрандалы қосылыстар		
2106	Топсалы қосылыстар		
2107	Тартымдар		
2108	Көтергіш құрылғы		
2109	Қарсы салмақ арбасы		
2110	Аунақтар		
2111	Бүйірлік роликтер		
2112	Блоктар		
2200	Қарсы салмақты жылжыту шығыры		
2201	Бәсеңдеткіш		
2202	Тежегіш		
2203	Тежегіш қалыптар		
2204	Муфталар		
2205	Барабан		
2206	Рама		
2207	Біліктер		
2208	Шығарылатын тірек		
2209	Бұрандалы қосылыстар		
2210	Бекіту саусақтары		
2211	Майлау және тығыздау орындары		
2300	Арқан жүйелері		
2301	Жүк арқаны		
2302	Жебелі арқан		
2303	Жебелі кергіш арқан		
2304	Арбалық арқан		
2305	Монтаждау арқаны		
2306	Тартқыштар		
2307	Жүк көтергіштікті шектегіш арқан		
2308	Қарсы салмақтың қозғалу арқаны		
2400	Электр жабдығы		

2401	Жүріс арбаларының қозғалтқыштары		
2402	Жүріс арбаларының тегіш электромагниттері		
2403	Кабельдік барабан қозғалтқышы		
2404	Кабельді барабанның электромагниті		
2405	Жүк шығырының қозғалтқыштары		
2406	Жүк шығырының электромагниті		
2407	Жебелі шығырдың қозғалтқышы		
2408	Жебелі шығырдың қозғалтқышы электромагниті		
2409	Бұрылу механизмінің қозғалтқышы		
2410	Бұрылу механизмінің электромагниті		
2411	Кран көтергіші жетегінің қозғалтқышы		
2412	Кран көтергіші жетегінің электромагниті		
2413	Арбалы шығырдың қозғалтқышы		
2414	Арбалы шығырдың электромагниті		
2415	Қарсы салмақ қозғалысының шығыр қозғалтқышы		
2416	Қарсы салмақ қозғалысының шығыр электромагниті		
2417	Аппараттық кабина (басқару шкафы)		
2418	Басқару панельдері		
2419	Контакторлар		
2420	Резисторлар		
2421	Реле		
2422	Сым		
2423	Айырғыш		
2424	Командалық бақылаушылар		

2425	Кабинадағы және крандағы жарықтандыру		
2426	Жөндеу жарығы		
2427	Прожекторлар		
2428	Жерге тұйықтағыштар		
2429	Қуат кабелі		
2430	Сымдар		
2431	Радиокеліссөз байланысы		
2432	Кабельді барабанның ток түсіргіші		
2433	Кранның айналмалы бөлігінің ток түсіргіші		
2500	Қауіпсіздік аспаптары		
2501	Жүк көтергіштігін шектегіш (жүктеме, ұшу датчиктері)		
2502	Көтеру биіктігін, түсіру тереңдігін шектегіш		
2503	Ұшуды өзгерту шектегіші		
2504	Қозғалыс шектегіші		
2505	Бұрылу шектегіші		
2506	Краншы көтергішінің көтеру биіктігін шектегіш		
2507	Қарсы салмақтың қозғалысын шектегіш		
2508	Кран көтергішінің жылдамдығын шектегіш		
2509	Көтергіштің және оның шахтасының есіктерін бұғаттау		
2510	Жүк көтергіштік көрсеткіші		
2511	Жайқабылдағыш		
2512	Анемометр		
2600	Кран жолдары		
2601	Бойлық еңіс (максималды)		
2602	Көлденең еңіс (максималды)		
2603	Рельстер		
2604	Шпалдар		
2605	Батпандық призма		
2606	Жерге қосу		

2607	Тұйық тіреулер		
2700	Техникалық қызмет көрсету жай-күйі		
2701	ТҚ өткізу кестесі және оны орындау		
2702	Техникалық қызмет көрсету журналы (бар болуы, жүргізу жағдайы, талаптарға сәйкес болу)		
2703	Вахталық (крандық) журнал және оны жүргізу		
2704	Паспорттың пайдалану нысандары, оларды жүргізу, пайдалану шарттарына сәйкестігі		

* Тораптардың, элементтердің, құжаттардың тізбесі оны одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында тексеру жүргізу жөніндегі құжатпен жүк көтергіш машинаның тиісті типіне (түріне) айқындалады.

** Тексеру барысында көрсету.

Нормативтік қызмет ету мерзімі өтелген жүк көтергіш машиналарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулыққа 3-қосымша

Нысан

Ақаулар ведомосі

Жүк көтергіш машинаның түрі _____, зауыт № _____, тіркеу № _____

— (әзірлеуші кәсіпорын, әзірленген жылы)
әзірленген және _____

— (иесі және оның мекенжайы)
тиесілі.

Тораптың, элементтің атауы	Ақаудың сипаттамасы	Ақауды жою қажеттілігі және мерзімі туралы қорытынды

Тексеру жөніндегі комиссия
төрағасы

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар
болса), күні)

Комиссия мүшелері

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар
болса), күні)

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар
болса), күні)

Нормативтік қызмет ету
мерзімі өтелген жүк көтергіш
машиналарды одан әрі
пайдалану мүмкіндігін айқындау
мақсатында олардың
техникалық жай-күйіне
зерттеп-қарауды ұйымдастыру
және жүргізу тәртібі туралы
нұсқаулыққа
4-қосымша

Техникалық куәландыру нәтижелерінің жазбасы

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына 20__ жылғы

№ ____ аттестаты бар _____
ұйым

(ұйымның атауы)

осы жүк көтергіш машинаға _____ тексеру
жүргізді.

(күні, айы, жылы)

_____ тексеру актісі және ақаулар ведомосі қосымша беріледі

(күні, айы, жылы)

(жүк көтергіш машинаның қауіпсіз пайдаланылуын
қадағалау жөніндегі жауапты адамның лауазымы,
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) _____
(қолы, күні)